

А.К. Олжаева^{*} , С.С. Конырбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aknur@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жаһандану және ақпараттық қоғам жағдайында жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту өте өзекті. Бұл мақала жасөспірімдерді ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудегі мектептен тыс білім беру бағдарламаларының тиімділігін зерттеуге арналған. Жұмыстың негізгі мақсаты – мектептен тыс бағдарламалардың жасөспірімдерде ұлттық бірегейлік, патриотизм және мәдени мұраны құрметтеу сезімін қалыптастыруға әсерін бағалау. Мақалада жасөспірімдердің жеке басының дамуындағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығының теориялық негіздемесі келтірілген. Ойын-сауықтық, ғылыми-танымдық, спорттық-сауықтыру, құндылықты-бағдарлы, көркем-эстетикалық және техникалық шығармашылық, еңбек және кәсіпке баулу қызметі, әскери-патриоттық қызмет, туристік-өлкетану қызметі негізіндегі үйірмелердің ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған бағдарламасының жоспары сипатталған. Эмпирикалық зерттеу үшін мектептен тыс бағдарламаларға қатысатын жасөспірімдерге, сондай-ақ олардың ата-аналары мен сауалнама мен жағдаяттық сұрақтарды шешу әдістері қолданылды. Нәтижелер ұлттық мәдени мұраны зерттеуге және сақтауға бағытталып құрылған мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жасөспірімдердің өз ұлтына деген оң көзқарасын және ел үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Зерттеу нәтижелері ұлттық құндылықтарды нығайту үшін жасөспірімдерді тәрбиелеу жүйесіне мектептен тыс бағдарламаларды енгізудің қажеттілігі мен маңыздылығын растайды. Мақалада жасөспірімдерді ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында мектептен тыс жұмыстың мазмұны мен әдістерін оңтайландыру бойынша педагогтер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге арналған ұсыныстар бар.

Түйін сөздер: мектептен тыс білім беру, ұлттық құндылықтар, жасөспірімдер, патриотизм.

A. Olzhayeva*, S. Konyrbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aknur@mail.ru

The Effectiveness of Extracurricular Educational Programs in Educating Adolescents through National Values

The formation and development of national values among adolescents in the context of globalization and the information society is very important. This article is devoted to the study of the effectiveness of extracurricular educational programs in the education of national values among adolescents. The main purpose of the work is to assess the impact of various extracurricular programs on the formation of a sense of national identity, patriotism and respect for cultural heritage among adolescents. The article provides a theoretical justification of the importance of national values in the development of the personality of adolescents. The plan of the program of the circles is described on the basis of entertainment, scientific and educational, sports and recreation, value-oriented, artistic, aesthetic and technical creative, labor and professional activities, military-patriotic activities, tourist and local history activities aimed at fostering national values. For the empirical study, methods of interviewing and solving situational questions were used for adolescents participating in various extracurricular programs, as well as their parents. The results showed that the created extracurricular educational programs aimed at studying and preserving the national cultural heritage have a significant impact on the formation of a positive attitude towards their country and a sense of pride in the country among adolescents. The results of the study confirm the need and importance of introducing extracurricular programs into the education system of adolescents to strengthen national values. The article contains recommendations for teachers and developers of educational programs on optimizing the content and methods of extracurricular work in order to increase the effectiveness of education of national values.

Key words: extracurricular education, national values, adolescence, patriotism.

А.К. Олжаева*, С.С. Коңырбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: aknur@mail.ru

Эффективность внешкольных образовательных программ в воспитании подростков через национальные ценности

Формирование и развитие национальных ценностей среди подростков в условиях глобализации и информационного общества очень актуально. Статья посвящена изучению эффективности внешкольных образовательных программ в воспитании подростков через национальные ценности. Цель исследования – обобщить опыт воспитательной работы и оценить влияние внешкольной программы на формирование у подростков чувства национальной идентичности, патриотизма и уважения к культурному наследию. В статье приводится теоретическое обоснование значимости национальных ценностей в развитии личности подростков. Описан план программы кружков на основе развлекательной, научно-познавательной, спортивно-оздоровительной, ценностно-ориентированной, художественно-эстетической и технической творческой, трудовой и профессиональной деятельности, военно-патриотической деятельности, туристско-краеведческой деятельности, направленной на воспитание через национальные ценности. Для эмпирического исследования использовались методы опроса и решения ситуационных вопросов для подростков, участвующих в внешкольных программах, а также их родителей. Результаты показали, что созданные внешкольные образовательные программы, направленные на изучение и сохранение национального культурного наследия, оказывают существенное влияние на формирование у подростков позитивного отношения к своей стране и чувства гордости за страну. Результаты исследования подтверждают необходимость и важность внедрения внешкольных программ в систему воспитания подростков для формирования национальных ценностей. В статье содержатся рекомендации для педагогов и разработчиков образовательных программ по оптимизации содержания и методов внешкольной работы с целью повышения эффективности формирования национальных ценностей.

Ключевые слова: внешкольное образование, национальные ценности, подростковый возраст, патриотизм.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану процестері мен мәдени өртүрлілік жағдайында жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Ұлттық құндылықтар, ұлттық бірегейліктің негізгі элементі ретінде, жасөспірімдердің әлеуметтік және жеке тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады.

Мектептен тыс білім беру бағдарламаларына үйірмелер, спорт секциялары, шығармашылық студиялар, тарихи және мәдени экскурсиялар сынды оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары жатады. Мұндай белсенді шаралар жасөспірімдердің жан-жақты дамуына тікелей әсер етіп қана қоймай, мәдени мұрамен бейресми жағдайда өзара әрекеттесуге мүмкіндік бере отырып, ұлттық дәстүрлер мен тарихты тереңірек және эмоционалды түрде қабылдауға көмектеседі.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев (2023) «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «үйлесімді тұлға мен жауапты азаматты қалыптастыру-

дың негіздері бала кезінен қаланатындығын» атап өткендей, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың ең тиімді кезеңі оқушының – жасөспірімдік кезеңі болып табылады.

Сондай-ақ, қарым-қатынастары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетін қазақстандық қоғамды қалыптастыру үшін ҚР Білім министрлігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тарапынан бастау алған ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №294 бұйрығына сәйкес (2023) өскелең жас ұрпақ пен жастарды толыққанды тәрбиемен қамтамасыз ету, жан-жақты дамыған және үйлесімді тұлғаны қалыптастыру үшін «Еңбек адамы» және «Толық адам» тұжырымдамалары, «Біртұтас тәрбие бағдарламалары» бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр. Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген бұл бағдарламалардың мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде ұлт сапасын арттыру болып табылады.

ҚР «Білім туралы» Заңының 37-бабына сәйкес, білім беру саласындағы уәкілетті орган аяққандайтын білім беру ұйымдарында және мек-

тептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылатын білім беру қосымша білім беру аясында жүргізіледі (ҚР «Білім туралы» Заңы, 2007). Яғни, мектептен тыс білім беру бағдарламалары мемлекеттік және жекеменшік қосымша білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады.

Оқушыларға қосымша білім беру олардың рухани-адамгершілік, зияткерлік, физикалық және кәсіби жетілдірудегі білім беру қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған білім беру түрі. Қосымша білім беру қызметі қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы №228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) *ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар*, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін *қажетті жағдайлар жасау*;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, оларды іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адамдарлығын дамыту үшін жағдайлардың жасалу жолдары арқылы ой-өрісін байыту;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге немқұрайлы қарамауға тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау қызметіне тарту;

7) қоғам өміріне бейімдеу;

8) олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру болып табылады (Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, 2013).

Мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жасөспірімдерде ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудегі тиімділігін зерттеудің өзектілігі бірнеше маңызды факторларға байланысты. Біріншіден, қазіргі жасөспірімдерге жаһандық мәдени трендтер мен цифрлық медиа үнемі әсер етеді, бұл ұлттық бірегейліктің бұлыңғырлануына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты мектептен тыс іс-шаралар ұлттық құндылықтарды нығайтудың және жағымсыз үрдістердің алдын алудың тиімді құралы ретінде әрекет ете алады.

Екіншіден, қоғамдағы барлық саланың цифрландырылуы негізінде, ақпарат айналымы шамадан тыс жүріп жатқан уақытта, дәстүрлі және инновациялық тәрбие әдістері арасындағы тепе-теңдікті табу маңызды. Мектептен тыс бағдарламалардың тиімділігін зерттеу қазіргі жасөспірімдерде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін қолдануға болатын ең тиімді тәжірибелер мен тәсілдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, осы зерттеудің нәтижелері білім беру мекемелері үшін патриотизм мен ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған жаңа бағдарламалар мен бастамаларды әзірлеу мен енгізуде пайдалы болуы мүмкін. Бұл өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуына ықпал ететін тәрбие жұмысының неғұрлым тұтас және интеграцияланған жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Осылайша, «жасөспірімдерді ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудегі мектептен тыс білім беру бағдарламаларының тиімділігі» тақырыбы балаларға арналған үйірмелердің, спорттық секциялардың және басқа да сабақтан тыс іс-шаралардың патриотизм мен ұлттық бірегейлікті дамытуға әсерін бағалау мақсатында өте өзекті болып отыр. Мақала қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап бере отырып, жаһандану мен мәдени әртүрлілік жағдайында білім беру мен тәрбие жүйесін дамыту үшін маңызды практикалық мәнге ие.

Зерттеу жұмысының нысаны әртүрлі үйірмелерді, секцияларды және басқа да сабақтан тыс іс-шараларды қамтитын жасөспірімдерге арналған мектептен тыс білім беру бағдарламалары болып табылады.

Зерттеу пәні – мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жасөспірімдердің бойына

ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға әсері. Мұнда мектептен тыс іс-шаралардың нақты әдістерін, нысандары мен мазмұнын бағалау, сондай-ақ олардың ұлттық құндылықты, бірегейлікті дамытудағы тиімділігі қамтылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жасөспірімдердің бойына ұлттық құндылықтарды дарытуда мектептен тыс білім беру бағдарламаларының тиімділігін анықтау. Бұл үйірмелерге, секцияларға және басқа да сабақтан тыс іс-шараларға қатысу жасөспірімдердің патриотизмін дамытуға, мәдени мұра мен тарихты біліп, құрметтеуге, жалпы ұлттық құндылықтардың мәнін түсінуге қаншалықты әсер ететінін талдауды қамтиды.

Зерттеу болжамдары:

1) Заманауи қоғам оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуді аса қажет етеді.

2) Мектептен тыс білім беру бағдарламалары жасөспірімдердің бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда тиімді бола алады.

Материалдар мен әдістер

Мақала мақсатына теориялық әдістер мен эмпирикалық фактілерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Мақала авторлары, ең алдымен, Қазақстан Республикасының және халықаралық нормативтік-құқықтық, заңнамалық құжаттарына сүйенді. Олар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция, Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша үздіксіз білім беру жөніндегі ұсынымдары және т.с.с.

Зерттеу жұмысының теориялық бөлігінде зерттеу тақырыбына байланысты педагогикалық еңбектерге ғылыми талдау (анализ), синтез, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде жасөспірімдердің ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Сауалнама, мектеп бағдарламасы мен мектептен тыс бағдарламалардың жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы маңыздылығы туралы, ата-аналардың ойын білуге бағытталды. Сауалнамаға 7-9 сынып оқушыларының ата-аналарынан 61 ата-ана қатысты. Ата-аналардың орташа жасы 38 жас.

Эксперимент анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдерін қамтиды.

Анықтау кезеңінде диагностикалық әдістемелер жүргізіліп, жасөспірімдердің ұлттық құн-

дылықтарға қатысты көзқарастырының бастапқы деңгейі анықталды.

Қалыптастырушы кезеңде мектептен тыс білім беру бағдарламаларының бағыты негізінде жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жоспары құрылып, апробацияланды.

Бақылау кезеңінде жасөспірімдердің қалыптастырушы кезеңде жүргізілген бағдарламадан кейінгі ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында қайта диагностика жүргізіліп, бастапқы және соңғы нәтижелері салыстырылды.

Сондай-ақ жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарасын анықтау мақсатында мақала авторлары тарапынан құрастырылған сауалнама мен жағдаяттарды шешу әдістері қолданылды. Сауалнамаға барлығы 7-9 сыныптың 56 оқушысы қатысты. Олардың 27-і мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға қатысады, сәйкесінше эксперименттік топ ретінде қарастырылады. Ал бақылау топта 29 мектептен тыс білім беру мекемелеріне бармайтын оқушылар топтастырылды.

Диагностикалық әдістемелердің нәтижелері оқушылардың бойындағы ұлттық құндылықтардың қалыптасуының деңгейін өлшеудің келесідей шкалаларымен бағаланды:

1. Қазақ тілінде сөйлеу;
2. Ұлттық немесе ұлттық ою-өрнектер суреттелген киім кию;
3. Ұлттық спортпен шұғылдану;
4. Ұлттық ойындарды ойнау;
5. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ырым-тыйымдарын ұстану;
6. Ұлттық тағамдарды тұтыну;
7. Ұлт тарихы мен ұлы тұлғалардың еңбегі туралы білу;
8. Интернационализм (ұлтаралық ынтымақтастыққа және мигранттарға көзқарасының ашықтық деңгейі).

Әдебиетке шолу

Жаһандану дәуірінде өз мемлекетінді, ұлтынды сақтап қалудың басты жолы – ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарыту. Ұлттық болмысымыздың өзегін сақтай отырып, мұра болып жеткен салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, жас жеткіншектердің бойына ұлттық рухты сіңіру қазіргі қазақ қоғамының алдындағы басты міндет. Уақыт ағымы көшкен сайын адамзаттың өмір сүру салты да өзгере береді. Дегенмен,

әлем қаншалықты өзгерсе де, өзгермейтін бір-ақ нәрсе бар, ол – ұлттық рух. Ұлттық рухты нақ сақтаудың басты жолы – ұлттық құндылықтарды жоғалтпау, жас ұрпаққа барынша дәріптеу.

Ұлттық құндылықтар мен ұлттық болмысты сақтау мәселесі қазақ ойшылдарының қайсысының болсын еңбектерінен елеулі орын алған. Әсіресе, ардақты алаш арыстары үшін бұл мәселе өте өзекті болып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтау жолында барын салған. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай (2016): «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деген болса, М. Жұмабаев (2023) «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті», – деген еді.

Ұлттық құндылықтар мәселесі туралы зерттеулер тек педагогика (этнопедагогика) ғылымында ғана емес, сондай-ақ философия, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, дінтану сынды әлеуметтік ғылымдардың еңбектерінде де кездеседі.

Педагогика және этнопедагогика ғылымында жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселелерін С. Ғаббасов (2014), Ш. Майғанова, С.Т. Иманбаева (2018), А.Қ. Құсайынов (2023), Қ.Ш. Молдасан, Бектурганова Ж.М (2015), Нуриев М.А., Советканова Д.М., Садыкова А.Е. (2021) сынды ғалымдар зерттеген.

Ал мектептен тыс жұмыстар және қосымша білім беру мәселелері туралы қазақстандық С.Ш. Әбенбаев (2004), Ж.Б. Жеткізген (2017), Р.П. Шер (2023) және т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

«Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру» еңбегінің авторы Ж.Б. Жеткізген (2017) осы еңбегінде «мектептен тыс жұмыстар да жасөспірімдер мен жастарға, өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, мектептегі тәрбие үрдісімен тығыз байланысты болады және қосымша білім беру ұйымдарындағы қосымша білімнің кейбір түрлерін қамтиды. Мектептен тыс жұмыстар баланың тұрғылықты мекен-жайының маңына орналасқан қосымша білім беру ұйымдары, яғни, өнер және саз мектептері, спорттық кешендер, аула клубтары, шығармашылық орталықтар мен туристік орталықтар, станцалар, мәдени-ойын-сауық-спорттық кешендер арқылы жүзеге асатыны белгілі», – дейді.

Ресейлік ғалым Н.Н. Максимова (2016) да өз еңбегінде П.П. Блонский, В.П. Вахтеров, Л.С. Выготский, К.Н. Вентцель, С.И. Гессен, П.Ф. Каптерев, Н.И. Кареев, П.Ф. Лесгафт, М.М. Рубинштейн, С.Т. Шацкий, П.Д. Юркевич сияқты орыс ғалымдарының еңбектерінің зерттеу нысаны болған мектептен тыс жұмыстарды қосымша білім берумен байланыстыра отырып зерттеген.

Солтүстік Каролина (АҚШ) ғалымы Уильям Билл Хансен (2021) жасөспірімдердің құндылықтары, мектептен тыс жұмыстарға қызығушылығы және мектеппен байланысына секциялық сипаттама мен корреляциялық талдау жасаған. Оның айтуынша, жасөспірімдік кезеңде оқушылар өз еріктерімен топтық немесе жекелей формадағы әр түрлі іс-шараларға (үйірмелерге) қызығып, қатыса бастайды. Яғни, жасөспірімдік кезеңге дейін қатысқан үйірмелер балалардың ата-аналары тарапынан таңдалған болса, жасөспірімдік кезеңде әр оқушы өзінің қызығушылығына басымдық береді.

Бұл кезеңде, Н. Дарлинг (2005) бойынша, жасөспірімдер құрдастарымен және ортамен, мектеппен байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін қарым-қатынастарды дамытады. Ол қарым-қатынастардың әрқайсысы ересек өмірге апаратын жолға тікелей әсер етіп, олардың психикалық денсаулығының, әлеуметтік қатынастардың сапасы мен жұмысқа орналасу және оны сақтау қабілеті сияқты салдарларға алып келеді. Сондықтан осы кезеңде оқушылардың мектептен тыс жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, өмірлік азық болатын қабілеттерді сіңіру аса маңызды.

Мектеп жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы нақты пәндерді оқытып, академиялық білім береді. Бұл пәндерді оқыту барлық орта білім беру мекемелерінің негізгі бағдарламасы болып табылады. Сондай-ақ, мектептердегі оқушының оқу үлгерімі жетістіктер мен сәтсіздіктерді бағалаудың көрсеткіші болып, орта мектепті аяқтағаннан кейін, оқуды жалғастыру мен жұмысқа орналасуға тікелей әсер етеді деп саналады (Уайтсайд-Мэнселл Л., Вебер Дж.Л., Мур П.К., Джонсон Д., Уильямс Э.Р., Уорд В.Л., Филлипс Б.А., 2015).

Ал мектеп бағдарламасына енбейтін, мектептен тыс жұмыстар (мемлекеттік/жекеменшік) оқушылардың қызығушылықтарын ескеріп, өз еркімен жұмыс жасауына ықпал етеді (Шуберт Дж., Мецгер А., Рей-Лейк Л., и Сивертсен А.К., 2016). Негізгі міндетті білім беру мен мектептен тыс білім берудің негізгі айырмашылықтарын 1-кестеден көре аламыз.


1-кесте – Міндетті білім беру мен мектептен тыс білім берудің негізгі айырмашылықтары

Міндетті білім беру (негізгі)	Мектептен тыс білім беру (қосымша)
Білім алу Заңмен міндеттеледі	Өз қызығушылықтарына сәйкес білім беру бағдарламаларына таңдау беріледі
Ғылым түрлерінен жалпы теориялық білім беріледі	Таңдалған бағдарлама бойынша бір бағыт бойынша білім беріледі
Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес сыныптарға жинақталып, жасқа сәйкес білім беріледі	Бір үйірмеде әр түрлі жастағы оқушылар білім ала алады, оқушылар жасындағы айырмашылық қосымша білім беру бағдарламасын жүргізуге кедергі келтірмейді
Білім беру стандартына сәйкес оқытылады	Білім беру стандартынан, оқу пәнінің жоспарынан тыс материалдармен оқытылады. Кейде пәндік білімді тереңдетуге ықпал етеді. Мысалы, Қызықты математика, Физикалық құбылыстар, Өсімдіктер әлемінде және т.с.с.

Мектептен тыс жұмыстар спортпен шұғылдану; өнер, музыка, драматургиямен байланысты іс-шаралар; әдеби, мәнерлеп оқу; кәсіби қызығушылықтар бойынша топтар мен клубтар; экологиялық белсенді әре-

кеттерге қатысуды қамтиды (МакНил Р.Б., 2014).

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектері негізінде мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жіктелуі 1-суретте көрсетіледі.



1-сурет – Мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жіктелуі

Нәтижелер мен талқылау

«Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы ҚР БЖҒМ Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес, мектептердегі пән мұғалімдері немесе қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері өздерінің қабілеті, таланты бойынша вариативті сағаттар есебінен төмендегі білім деңгейлері бойынша оқушылар арасында 8 бағытта қызмет түрлерін ұйымдастырады:

1. Ойын-сауықтық қызмет;
2. Ғылыми-танымдық қызмет;

3. Спорттық-сауықтыру қызметі;
4. Құндылықты-бағдарлы қызмет;
5. Көркем-эстетикалық және техникалық шығармашылық қызмет;
6. Еңбек және кәсіпке баулу қызметі;
7. Әскери-патриоттық қызмет;
8. Туристік-өлкетану қызметі.

Аталған бағыттардың әрқайсысының бағдарламасында жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік жасауға болады. 2-кестеде мақала авторлары тарапынан ұйымдастырылған мектептен тыс білім беру бағдарламасының негізгі бағыттары ұсынылады.


2-кесте – Мектептен тыс білім беру бағдарламаларының бағыты негізінде жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған шаралар

№	Мектептен тыс білім беру бағдарламасының бағыты	Үйірме түрлері	Ұлттық құндылықтарды дамыту мақсатында ұйымдастыруға болатын шаралар	Қалыптасатын ұлттық құндылықтар
1	Ойын-сауықтық қызмет	Ойын, асық, дойбы, тоғызқұмалақ, флешмоб, көңілді тапқыштар клубы, драма, ән, күй, би, хор	Жасырынбақ, Асық, Соқыр теке, Орамал тастау, Бестас, Ақ сүйек, Алтыбақан сияқты ұлттық ойындарды жаңғырту, популяризациялау. Сондай музыкалық үйірмелерде халық өндері мен күйлерін үйрету.	Патриотизм, ұлттық салт-дәстүрлерге құрмет, ұлттық мәдениетті сақтау, тарату.
2	Ғылыми-танымдық қызмет	танымдық олимпиадалар, ғылыми жобалар, марафондар, викториналар, дебаттар, көшбасшылық сайыстары, т.т	Ұлттық ерекшеліктерді насихаттау, көне салт-дәстүрлерді жаңғырту, мәдени мұра тақырыптары аясында зерттеу жұмыстары немесе дебат, викториналар ұйымдастыру.	Отанға және оның мәдени жетістіктеріне деген мақтаныш; Ұмытылған ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға (зерттеуге) атсалысу.
3	Спорттық- сауықтыру қызметі	Спорт түрлері бойынша секциялар	Теңге алу, Палуан күрес, Аударыспақ, Арқан тарту, Бөйге, Көкпар, Қыз қуу, Тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлерін жаңғырту, популяризациялау	Патриотизм, ұлттық рухты көтеру, ұлттық спорт түрлерін сақтау, тарату.
4	Құндылықты – бағдарлы қызмет	ономастикалық зерттеулер, дизайндік-көрме, экспедиция, саяхат, жорық ұйымдастыру, слет, танымдық жобалар байқауы, сайыстар, байқаулар, конкурстар, конференция өткізу.	Ұлттық құндылықтарды ұғындыруға бағытталған кез келген іс-шаралар жатады	Патриотизм, ұлттық құндылықтарға құрмет, ұлттық бірегейлікті, кодты сақтау
5	Көркем-эстетикалық және техникалық шығармашылық қызмет	Әр түрлі материалдардан (тоқыма, тері, ағаш, сүйек, шыны, металл, саз, қағаз) бұйымдар жасау; Роботехника; Мүсіндеу өнері;	Қазақ халқының қолөнер бұйымдарын жасау; әр түрлі материалдардан этностильдегі естелік сыйлықтар, киім-кешек жасау; Қазақ фольклорының кейіпкерлерін мүсіндеу; Ұлттық ерекшелік байқалып тұратын роботтар жасау және т.с.с. шараларды қамтиды	Ұлттық өнер мен фольклор туралы білім, оларды сақтау мен популяризациялауға атсалысу

№	Мектептен тыс білім беру бағдарламасының бағыты	Үйірме түрлері	Ұлттық құндылықтарды дамыту мақсатында ұйымдастыруға болатын шаралар	Қалыптасатын ұлттық құндылықтар
6	Әскери-патриоттық қызмет	«Мерген», «Жас Ұлан», «Жас теңізші», «Сарбаз», «Айбын» әскери-спорттық патриоттық клубтарын, үйірмелерін құру	Ұлттық жауынгерлік өнер бойынша шеберлік сабақтар	Патриотизм мен ұлттық рухты көтеру, этносаралық толеранттылықты, бірлікті сақтау
7	Туристік-өлкетану қызметі	Туристік жорықтар, саяхаттар жергілікті жердегі тарихи орындарға, табиғаты жақсы жерлерге, тауларға, өзен, көлдерге бару, танысу, көру шараларын қамтиды	Тарихи маңызы бар өлкелерге саяхаттау және өлкелердің тарихы мен атауы, ондағы болған оқиғалар туралы жетекші (гид) баяндамалары	Отанын сүюге, оған қызмет етуге, елінің, жерінің, туған өңірдің тарихын, халқын, өз ұлтын, азаматтарын тану мақсатында жүргізіледі

Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың ойынша, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға тек мектеп пен мектептен тыс білім беру мекемелері ғана емес, отбасы мен БАҚ, әлеуметтік желілер де тікелей әсер етеді. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда 17 ата-ананың (28%) ойынша – мектеп; 13 ата-ана (21%) – мектептен тыс білім беру мекемелері; 29 ата-ана (31%) – отбасы, 13 ата-ана (22%) БАҚ мен әлеуметтік желі басымдыққа ие деп санайды (2-сурет). Байқағанымыздай, ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес, отбасы жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын әлеуметтік институт, сол себепті осы нұсқаны таңдаған ата-аналар саны басым болды. Ал мектеп білім берудегі оқыту, тәрбиелеу, дамытуды қатар жүргізетін білім беру ордасы ретінде екінші орынға тұрақтады. «БАҚ және әлеуметтік желілер ақпа-

ратты жылдам таратушы құрал ретінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға әсер етеді» деп ойлайтындардың жауабы үшінші орынды иеленді. Ата-аналардың ойынша, мектептен тыс білім беру мекемелері, жасөспірімдердің уақытының аз бөлігін қамтитындықтан, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда алдыңғы үш нұсқа сияқты басымдыққа ие бола алмайды деп санайды. Осы тұста, сауалнамадағы «Балаңызды қосымша білім беру мақсатында үйірмелерге жазасыз ба?» деген сұрағымызға да жауап алдық. Ата-аналардың басым бөлігі 41% «иә» десе, 31% «жоқ, мектеп бағдарламасы жеткілікті», қалған 28% «жоқ, қаржылық мүмкіндігім жетпейді» деп жауап берген. Бұл тұста, ата-аналардың мектептен тыс білім беру бағдарламалары туралы ақпараттанбауы туралы мәселені (баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мемлекеттік қосымша білім беру мекемелерінде тегін білім алу ережелері және т.с.с.) байқаймыз.



2-сурет – Ата-аналардың ойынша, жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы мектеп, мектептен тыс білім беру мекемелері, отбасы, БАҚ және әлеуметтік желілердің әсері

Ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес, зерттеуге қатысты екі мәселе анықталды:

1. Ата-аналардың ойынша, мектептен тыс білім беру мекемелері (қосымша білім беру ұйымдары) жасөспірімдердің уақытының аз бөлігін қамтитындықтан, балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде жетекші орынға ие бола алмайды;

2. Ата-аналар мектептен тыс білім беру бағдарламалары, қосымша білім беру

мекемелері туралы толық ақпараттанбаған.

Бақылау және эксперименттік топтағы оқушыларға (жасөспірімдерге) жүргізілген сауалнама мен жағдаяттық сұрақтар арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға көзқарасы мен оларды насихаттау әрекеттері зерттелді. Екі әдістеменің нәтижелері ортақ есептелді. Анықтау кезеңіндегі диагностикалық әдістеменің шкалалары бойынша эксперименттік топ оқушыларының 49%-ы жоғары, 21%-ы орта, 30%-ы төмен деңгейді көрсетті. Бақылау топтағы жасөспірімдердің 52%-ы жоғары, 28%-ы орта, 20%-ы төмен деңгейді байқатты.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топ оқушылары өз қызығушылықтарына қарай үйірме мен секция таңдап, 2-кестедегі жоспарға сәйкес, үйірмелердегі ұлттық құндылықтарды

қалыптастыруға бағытталған шараларға қатысты. Бұл кезеңдегі мектептен тыс білім беру бағдарламасының міндетті бағыттары мен оларға сәйкес таңдалған ұлттық-мәдени контексттегі шаралар үш ай бойы жүргізілді. Эксперименттік топтағы 27 оқушы өз қызығушылықтарына сәйкес, мектептен тыс білім беру бағдарламасының жеті тобына келесідей құраммен жіктелді:

- ойын-сауықтық қызметке 5 оқушы;
- ғылыми-танымдық қызметке 3 оқушы;
- спорттық-сауықтыру қызметіне 4 оқушы;
- құндылықты-бағдарлы қызметке 2 оқушы;
- көркем-эстетикалық және техникалық шығармашылық қызметке 6 оқушы;
- әскери-патриоттық қызметке 3 оқушы;
- туристік-өлкетану қызметіне 4 оқушы қатысты.

Оқушылар өздері таңдаған қызмет аясында жүргізілетін бірнеше үйірмелерге қатысты. Бақылау кезеңінде *жағдаяттарды шешу әдісін* жүргізудің нәтижесінде, зерттеу тәжірибесін жүргізу алдында белгіленген шкалалар бойынша эксперименттік топ оқушылары өте жақсы нәтижелер көрсетті (3-кесте). Жағдаяттарды шешудегі оқушылардың жауаптары «1 балл – мүлде қолданбайды, қызықпайды; 2 балл – сирек; 3 балл- кейде/орташа; 4 балл – жиі; 5 балл – үнемі, тұрақты» өлшемдері арқылы бағаланды.

3-кесте – Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу тиімділігін бағалау шкалалары негізіндегі анықтау және бақылау кезеңдеріндегі нәтижелер

№	Шкалалар	Бағдарлама жүргізілгенге дейін (анықтау кезеңі)	Бағдарлама жүргізілгеннен кейін (бақылау кезеңі)	Өсім
1	Қазақ тілінде сөйлеу	2.6	4.2	+1.6
2	Ұлттық немесе ұлттық ою-өрнектер суреттелген киім кию	2.1	3.8	+1.7
3	Ұлттық спортпен шұғылдану	1.9	3.5	+1.6
4	Ұлттық ойындарды ойнау	2.3	4.1	+1.8
5	Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ырым-тыйымдарын ұстану	2.5	4.3	+1.8
6	Ұлттық тағамдарды тұтыну	3.9	4.8	+1.1
7	Ұлт тарихы мен ұлы тұлғалардың еңбегі туралы білу	2.4	4.0	+1.6
8	Интернационализм (ұлтаралық ынтымақтастыққа ашықтық деңгейі)	3.0	4.2	+1.2


3-кестеден байқағанымыздай, оқушылардың бағдарламадан кейінгі жауаптары өсім бергенін көреміз, орташа өсім шамамен +1.55 балды құ-

райды. Ең жоғарғы өсім ұлттық ойындарды ойнау мен салт-дәстүрлерді ұстануда байқалған. Мұны ойын-сауықтық және спорттық-сауықты-

ру қызметіне негізделген үйірмелерді таңдаған оқушылар санының басым болуымен байланыстырамыз.

Бақылау кезеңінде, эксперименттік топ оқушыларына анықтаушы кезеңдегі диагностикалық әдістемелер қайта жүргізілді. Екі диагностикалық әдістеменің нәтижелеріне сәйкес, эксперименттік

топ оқушыларының 70%-ы жоғары, 18%-ы орта, 12% төмен деңгейді байқатты. Бұл анықтаушы кезеңге қарағанда 21%-ға жоғары. Бақылау топтың нәтижелерінде үлкен өзгеріс жоқ, оқушылардың 51%-ы жоғары, 30%-ы орта, 19%-ы төмен деңгейді көрсетті. Екі топтың кезеңдер бойынша динамикасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – Бақылау және эксперименттік топқа жүргізілген диагностикалық әдістемелердің анықтаушы және бақылау кезеңдеріндегі салыстырмалы нәтижесі

Қорытынды

Жаңа ақпарат көздерінің пайда болуының әсерінен мектеп білім, білік, дағдылар мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруда монополия болуын белгілі бір дәрежеде жоғалтып алғаны белгілі, бұл басқа әлеуметтік институттардың мүмкіндіктерін пайдалануға алып келді. Солардың бірі – оқушыларға мектептен тыс (қосымша) білім беру. Мектептен тыс білім беру міндеттерін жүзеге асыра отырып, мектеп білім беру стандартын игеру және жеке тұлғаның еркін дамуына жағдай жасау қажеттілігі арасындағы қайшылықты шешеді.

Жаһандану дәуірі адамзат баласынан инновациялық жобалар мен әлеуметтік салалардың цифрлық дамуын талап ете отырып, ұлттық идентификация шекараларын өшіруге әсер етеді. Осы тұста, жас ұрпақтың жаһанданудың жетегінде жүріп, ұлттық бірегейлікті ұмыт қалдырмауы үшін жасөспірімдердің бойына ұлттық құндылықтарды мықтап бекіту өте маңызды. Оқушының білім беру уақытының шамамен

30%-ы міндетті білім беру стандартын игеруге жұмсалса, қалған 70%-ы бейресми білім беру жағдайларында (отбасы, құрдастар тобы, жастар ұйымдары, мектептен тыс білім беру бағдарламалары) игеріледі. Мектептен тыс білім беру бағдарламалары бейресми форматта, оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес тандалатындықтан, баланың зейінін белгілі бағдарлама шоғырландырудың мүмкіндігі жоғары. Сол себепті де, жасөспірімдердің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде мектептен тыс білім беру бағдарламаларының мүмкіндігі мен тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы барысында зерттеу болжамы дәлелденіп, тиісті зерттеу тәжірибесі жүргізілді. Анықталған нәтижелер мен мәселелерге сәйкес келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Мектептен тыс білім беру бағдарламалары ұлттық құндылықтарға негізделген сабақтар арқылы жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда тиімді құрал бола алады. Мұны зерттеу тәжірибесінің анықтау және бақылау ке-

зеңдерінің салыстырмалы нәтижелеріндегі динамика дәлелдейді.

2. Мектеп тарапынан ата-аналарға қосымша білім беру мекемелері және олардың қызметі, ақылы және ақысыз мектептен тыс білім беру мекемелері және т.с.с. мәселелер аясында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған зерттеу жұмысы

мектептен тыс білім беру бағдарламаларын тиімді құрал ретінде пайдалана алуға болатындығын анықтады. Ол үшін мектептен тыс білім беру бағдарламаларының жоспары барынша ұлттық колоритті сақтай отырып жасалуы қажет. Бұл зерттеу жұмысы аталған мәселенің тек біржақты ғана шешімі болғандықтан, алдағы уақытта да біршама зерттеу жұмыстарын қажет етеді деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Darling, N. (2005). Participation in extracurricular activities and adolescent adjustment: Cross-sectional and longitudinal findings. *Journal of Youth and Adolescence*, 34(5), 493–505.
2. Hansen, W. B. (2021). Adolescent values, interest in extracurricular activities and bonding to school: A cross-sectional descriptive and correlational analysis. *Character Education*, 17(1), 21–35.
3. McNeal, R. B. (2014). Participation in high school extracurricular activities: Investigating school effects. *Social Science Quarterly*, 80(2), 291–309.
4. Shubert, J., Metzger, A., Wray-Lake, L., & Syvertsen, A. K. (2016). Exploring associations of character profiles and out-of-school time activities among children and adolescents. *Journal of Character Education*, 12(2), 11–27.
5. Whiteside-Mansell, L., Weber, J. L., Moore, P. C., Johnson, D., Williams, E. R., Ward, W. L.,... & Phillips, B. A. (2015). School bonding in early adolescence: Psychometrics of the Brief Survey of School Bonding. *The Journal of Early Adolescence*, 35(2), 245–275.
6. Әбенбаев, С. Ш. (2004). Тәрбие теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. Дарын.
7. Ғаббасов, С. (2014). Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесінде. Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы.
8. Жеткізген, Ж. Б. (2017). Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Әдістемелік әзірleme. Ақтау.
9. Жұмабаев, М. (2023). Педагогика. Мазмұндама.
10. Иманбаева, С. Т., & Майғаранова, Ш. М. (2018). Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы.
11. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2013, маусым 14). Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008565>
12. Қазақстан Республикасының Парламенті. (2007, шілде 27). Білім туралы Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z43
13. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. (2023, қыркүйек 19). Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы №294 бұйрығы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk>
14. Құсайынов, А. Қ. (2023). Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі. *Білім*, (2), 131–141. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2023-2-131-141>
15. Максимова, Н. Н. (2016). Финансирование социальных инвестиций в дополнительное образование детей [Автореферат диссертации кандидата экономических наук]. Волгоград.
16. Молдасан, Қ. Ш., & Бектурганова, Ж. М. (2015). Педагогика: Хрестоматия: оқу құралы. I бөлім. Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы.
17. Нуриев, М. А., Советканова, Д. М., & Садыкова, А. Е. (2021). Жеткіншектердің ұлттық сана-сезімін дамыту моделі («Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында). Интеллектуалды ұлт қалыптастыру. Ғылым Ордасы.
18. Тоқаев, Қ. К. (2023, қыркүйек 1). Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына Жолдау. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
19. Шер, Р. П. (2023). Анализ текущего состояния дополнительного образования в Казахстане и международный опыт. *Білім-Образование*, (1)(104), 51–59.
20. Шоқай, М. (2016). Түркістан үшін: Таңдамалы мақалалары (Құраст. А. Ысымұлы). Сарыарқа.

References

- Abenbaev, S. Sh. (2004). Tarbie teoriyasy men ádistemesi: oqu quraly [Theory and methodology of education: A textbook]. Daryn. (in Kazakh)
- Darling, N. (2005). Participation in extracurricular activities and adolescent adjustment: Cross-sectional and longitudinal findings. *Journal of Youth and Adolescence*, 34(5), 493–505.
- Gabbasov, S. (2014). Ult taǵdyry – urpaq tárbiesinde [The fate of the nation lies in the upbringing of the generation]. Abai atyndaǵy QazNPU: “Ulagat” baspasy. (in Kazakh)
- Hansen, W. B. (2021). Adolescent values, interest in extracurricular activities and bonding to school: A cross-sectional descriptive and correlational analysis. *Character Education*, 17(1), 21–35.
- Imanbaeva, S. T., & Maigaranova, Sh. M. (2018). Tarbie jumysynyn teoriyasy men ádistemesi [Theory and methodology of educational work]. Almaty. (in Kazakh)
- Maksimova, N. N. (2016). Finansirovanie sotsialnykh investitsii v dopolnitelnoe obrazovanie detei [Financing of social investments in children’s additional education] [Author’s abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Economic Sciences]. Volgograd. (in Russian)
- McNeal, R. B. (2014). Participation in high school extracurricular activities: Investigating school effects. *Social Science Quarterly*, 80(2), 291–309.
- Moldasan, Q. Sh., & Bekturganova, Zh. M. (2015). Pedagogika: Khrestomatiya: oqu quraly. I bólim [Pedagogy: Anthology: Study manual. Part I]. Abai atyndaǵy QazNPU: “Ulagat” baspasy. (in Kazakh)
- Nuriev, M. A., Sovetkanova, D. M., & Sadykova, A. E. (2021). Zhetkinshkterdin ulttyq sana-sezimín damytu modeli (“Mángilik El” ulttyq ideyasy aysynda) [Model for developing national identity in adolescents (within the framework of the “Mangilik El” national idea)]. *Intellectualdy ult qalyptastyru. Gylm Ordasy*. (in Kazakh)
- Qazaqstan Respyblikasynyn Parlamenti. (2007, shilde 27). Bilim turaly Zańy [Law on Education of the Republic of Kazakhstan]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z43 (in Kazakh)
- Qazaqstan Respyblikasynyn Ukimeti. (2013, mausym 14). Balalarǵa arnalǵan qosymsha bilim beru uyymdary túrleri qyzmetin úlgilik qaǵıdalary [Model rules for the activities of types of additional education institutions for children]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008565> (in Kazakh)
- QR Oqu-aǵartu ministrliǵi. (2023, September 19). Joǵary oqu oryndarynan basqa bilim beru uyymdaryna arnalǵan “Birtutas tarbie baǵdarlamasyn” bekity túraly №294 búiryǵy [Order No. 294 on the approval of the “Unified Educational Program” for educational institutions other than universities]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk> (in Kazakh)
- Qusainov, A. Q. (2023). Urpaq tárbiesindegi qundylyqtar negizi [The foundation of values in the upbringing of the younger generation]. *Bilim*, (2), 131–141. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2023-2-131-141> (in Kazakh)
- Sher, R. P. (2023). Analiz tekushchego sostoyaniya dopolnitelnogo obrazovaniya v Kazakhstane i mezhdunarodnyi opyt [Analysis of the current state of additional education in Kazakhstan and international experience]. *Bilim-Obrazovanie*, (1)(104), 51–59. (in Russian)
- Shokay, M. (2016). Turkistan úshin: Tańdamaly maqalalary [For Turkestan: Selected articles] (Qurast. A. Ysymuly). Saryarqa. (in Kazakh)
- Shubert, J., Metzger, A., Wray-Lake, L., & Syvertsen, A. K. (2016). Exploring associations of character profiles and out-of-school time activities among children and adolescents. *Journal of Character Education*, 12(2), 11–27.
- Toqae, Q. K. (2023, qyrkuyek 1). Ádilette Qazaqstannyn ekonomikalıq baǵdary: Qazaqstan xalqyna Zholdau [The economic course of a Just Kazakhstan: Address to the people of Kazakhstan]. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilette-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (in Kazakh)
- Whiteside-Mansell, L., Weber, J. L., Moore, P. C., Johnson, D., Williams, E. R., Ward, W. L.,... & Phillips, B. A. (2015). School bonding in early adolescence: Psychometrics of the Brief Survey of School Bonding. *The Journal of Early Adolescence*, 35(2), 245–275.
- Zhetkizgen, Zh. B. (2017). Synyptan tys jáne mektepten tys jumystardy uyymdastyru: Ádistemelik ázirleme [Organization of extracurricular and out-of-school activities: Methodological guide]. Aktau. (in Kazakh)
- Zhumabaev, M. (2023). Pedagogika [Pedagogy]. Mazmundama. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Олжаева Акнур Кайнарловна (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының 3-курс докторанты (Алматы қаласы, Қазақстан, e-mail: aknur@mail.ru)

Қоңырбаева Сарап Сахиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: pedsheberlik@gmail.com)

Сведения об авторах:

Олжаева Акнур Кайнаровна – автор для корреспонденции, докторант 3-курса специальности «Педагогика и психология» кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, эл. почта: aknur@mail.ru);

Конырбаева Сараи Сахиевна – доктор PhD, ассоц. профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: pedsheberlik@gmail.com).

Information about authors:

Olzhayeva Aknur Kainarovna – author for correspondence, 3rd year doctoral student in the specialty Pedagogy and Psychology, Department of Pedagogy and Educational Management, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: aknur@mail.ru)

Konyrbaeva Sarash Sakhiyevna – Doctor PhD, assoc. Professor, Department of Pedagogy and Educational Management, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: pedsheberlik@gmail.com)

Келін түсті 18.06.2024

Қабылданды 20.06.2025